

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.06.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау
2. Білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің «Атамекен» платформасындағы қорытындысы бойынша сараптама жүргізу
3. АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну
4. Сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: 6B05449 – «Математика» (бакалавриат) және 7M05426 – «Математика» (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру аясында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

Сапаның сыртқы қамтамасыз етілуі аясында жұмыс берушілер мен сыртқы академиялық сарапшыларды тарта отырып, оқу жоспарлары мен пәндерге сараптамалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына ЖОО компоненттеріне «Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары» және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығының «5. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығы мен магистранттардың қажеттіліктері ескеріледі.

ӘАОО-ны қоспағанда, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті ғылым тарихы мен философиясы, кәсіптік шет тілін меңгеру, психологиялық-педагогикалық цикл саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін, оқыту әдістемесі мен әдістері мен оқыту технологиясын қамтитын пәндерді қамтиды, бейіндік бағыт үшін – кәсіптік шет тілін меңгеру саласындағы құзыреттерді, басқарушылық құзыреттер мен басшылық дағдыларын қалыптастыруды көздейтін пәндер.» болу талаптары негізінде “Іргелі математиканы оқытудың әдістемесі және технологиялары” пәні бойынша әдістемелік пәндер қосылды. Сонымен қатар жаңартылған БББ-да “Зерттеулердің қолданбалы әдістері” және “Академиялық ғылыми жазба” пәндерінің ОН-дары мен пән сипаттамалары заманауи білім беру технологиялары мен жасанды интеллект мүмкіндіктеріне бағыттап өзгерістер жасалды.

Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылына дайындық ретінде 6B05449-Математика және 7M05426-Математика Білім беру бағдарламалары жаңартылды. Жаңару барысында Ғылым және жоғары білім министрінің «AI-Sana» инновациялық жасанды интеллект бағдарламасы талқыланды. Бағдарламаның мақсаты – жоғары білім беру жүйесін жаңарту, ЖИ саласында білікті мамандар даярлау және ғылыми-технологиялық дамуды қолдау

екендігі айтылып, АҚ отырысында AI-Sana бағдарламасының мазмұнына тоқталып, негізгі бағыттарына тоқталды:

- 100 мың студентті қамтитын білім беру жобасы;
- ЖИ технологияларын математика, инженерия және басқа салаларда қолдану;
- Экономиканың негізгі салаларында инновациялық шешімдерді енгізу.

Осы бағытта білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында мынадай ұсыныстар ұсынылды:

- **6B05449 – Математика** бағдарламасына *«Математика оқытуда жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері»* пәнін енгізу;
- **7M05426 – Математика** бағдарламасына *«Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары»* пәнін қосу.

Академиялық кеңес отырысында ЖИ саласындағы инновацияларды білім беруге енгізу қажеттілігі айқындалды. Ұсынылған өзгерістер жоғары білім сапасын арттыруға және заманауи технологияларды оқыту үдерісіне интеграциялауға ықпал етеді.

- **Стейкхолдерлерден кері байланыс** алу мақсатында студенттерге, түлектерге және жұмыс берушілерге сауалнамалар ұйымдастырылды. Бұл сауалнамалар білім беру мазмұнын жетілдіру, пәндер ішіндегі логикалық байланыстарды күшейту және практикалық бағытты арттыру шараларына негіз болды.

- Оқу үдерісі барысында студенттердің қанағаттану деңгейін айқындау үшін және оқыту процесінің осал жақтарын білу мақсатында 1-4 курс студенттерінен онлайн сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижелері талқыланып, оқыту үдерісін оңтайландыру бойынша мәселелер қарастырылды.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасына мониторинг жүргізілді.

- **6B05449 – «Математика» (бакалавриат) және 7M05426 – «Математика» (магистратура) білім беру бағдарламаларының** айқындалған күшті жақтар мен жетілдіру бағыттарының тізімі:

Бағдарламалардың күшті жақтары:

- **Мазмұнның өзектілігі** – оқу жоспарлары ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және қазіргі заманғы математиканың дамуына сай құрылып, білім алушыларды теориялық және қолданбалы бағыттарда сапалы даярлауға мүмкіндік береді.
- **ПОҚ біліктілігінің жоғары деңгейі** – ғылыми дәрежесі бар, халықаралық және отандық ғылыми жобаларға қатысатын, жетекші журналдарда мақалалары жарық көрген оқытушылар құрамы.
- **Ғылым мен білімнің интеграциясы** – студенттердің ғылыми зерттеулерге белсенді тартылуы, математикалық олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға және жобаларға қатысуы.
- **Кәсіби бағыт** – қолданбалы математика, есептеу әдістері, деректерді өңдеу және математикалық модельдеу бойынша практикалық пәндердің енгізілуі арқылы еңбек нарығына бейімделген дайындық.
- **Дамыған серіктестік базасы** – ғылыми-зерттеу институттарымен, Түркістан қалалық, облыстық қаржы, жұмыспен қамту, салық департаменттерімен және өндірістік ұйымдармен өзара ынтымақтастық.
- **Элективті курстардың болуы** – студенттерге жеке білім траекториясын қалыптастыруға, кәсіби қызығушылығына сай пәндерді таңдауға мүмкіндік береді (мысалы: Актурлық және қаржылық математика, Сандық әдістер т.б.).
- **Тәжірибеге бағытталған оқыту** – серіктес ұйымдарда өндірістік, зертханалық және диплом алдындағы практикадан өту мүмкіндіктерінің болуы.

Бағдарламалардың әлсіз жақтары:

- Интернационалдандырудың шектеулі деңгейі-ағылшын тілді пәндердің жеткіліксіз ұсынылуы, академиялық ұтқырлық және шетелдік сарапшылардың қатысуы.

○ Оқу процесін цифрландырудың жеткіліксіздігі-қазіргі заманғы АКТ, онлайн-платформалар мен цифрлық зертханаларды шектеулі пайдалану.

○ Мансап траекториясын әлсіз қолдау-барлық студенттерде кәсіби даму және әлеуетті жұмыс берушілермен байланыс туралы нақты түсінік жоқ.

Жетілдіру бағыттары:

1. Халықаралық компонентті күшейту:

- Ағылшын тіліндегі курстарды енгізу;
- Академиялық ұтқырлықты кеңейту;
- Шетелдік оқытушыларды шақыру.

2. Цифрлық оқыту инфрақұрылымын жаңғырту:

• Moodle платформаларын, Google Classroom, виртуалды зертханаларды пайдалану;

- Жұмыс берушілерді тәлімгерлікке тарту;

• Мансаптық іс-шараларды ұйымдастыру (Бос орындар жәрмеңкелері, шеберлік сыныптары, тағылымдамалар).

Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал К.Усманов алды:

Білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің «Атамекен» платформасындағы қорытындысы бойынша сараптама жүргізілді. "Атамекен" платформасында білім беру бағдарламалары рейтингтерінің қорытындысы бойынша түлектерді даярлау сапасын және еңбек нарығында білім беру бағдарламаларына сұранысты кешенді бағалау мақсатында сараптама жүргізілді. Сараптама нәтижелері іске асырылып жатқан бағдарламалардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ оқу жоспарларын, пәндер мазмұнын және студенттерді тәжірибеге бағдарланған даярлауды одан әрі жетілдіру бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді. Математика және статистирика бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жұмыстарына тоқталсақ, соңғы жылдары 6B05449-Математика білім беру бағдарламасының 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілердің жалпы рейтинг критерийлері бойынша 3,40 % құрады. Білім беру бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылының бітіруші түлектері бойынша 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 100%-ы жұмыспен қамтылған болса, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 88,5%-ы жұмыспен қамтылған .Рейтинг бойынша 2022 жылдың қорытындысы 6/9 көрсеткішті көрсеткен. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 6B05449 білім беру бағдарламасында жоғарлаған.

Академиялық комитеттің жылдық есебін талқылау және бекітуге ұсыну комитеттің есепті кезеңдегі жұмысының соңғы кезеңі болып табылады. Отырыс шеңберінде бір жыл ішіндегі қызметтің қорытындылары шығарылды, жетістіктер, проблемалық мәселелер және білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар қаралды. Білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына, ішкі бағалау нәтижелеріне, оқытуда инновациялық тәсілдерді енгізуге және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды. Талқылау қорытындысы бойынша академиялық комитеттің бекітуіне ұсынуды ұсынамын.

АҚ төрағасы Еркишева Ж.С.: Құрметті АҚ мүшелері! 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың көрсеткіштері жақсы нәтижеге ие. Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (<https://epvo.kz/#/user/rep/submissions/application/65588>) 6B05449 – «Математика» (бакалавриат-22.05.2025ж) білім беру бағдарламасы жаңартылып, мақұлданды. 7M05426-Математика жаңартылып, пысықталуда. Сондықтан сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талқыланып, «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс Жоспары бойынша барлық жұмыстар орындалып, нәтижелері қорытындыланды деп есептеймін.

Шешім: «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс Жоспары бойынша

барлық жұмыстар қорытындыланып, есеп бекітілсін; сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданып, хаттамасы сайтқа ілінсін.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов